

Бекітемін:

**Құлсары каласы КМКК «Жауқазын»
бебекшай-бакшасының меншерушісі:**

Жаныбай Уразова М.Н.
« 01 09 » 2023жыл.



Келісемін:

**Құлсары каласы КМКК «Жауқазын»
бебекшай-бакшасының әйлекері:**

Шамғанова С.О.
« 01 09 » 2023жел.



**Атырау облысы Білім беру баскармасының Жылдың ауданы Білім белгімінің
«Жауқазын» бебекшай-бакшасы» коммунальдық мемлекеттік қызыналық кәсіпорнының**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудаң Үлгілік оку бағдарламасы негізінде

тәрбие мен оқытудың Үлгілік оку бағдарламасы негізінде

2023 -2024 оку жылына арналған Музыка

**Жылдыстырылған іс-эрекеттің
перспективалық жоспары.**

МАД тобы: «Толагай»

Музыка жетекшісі: Тлеукулова А. Ж.

Құлсары каласы.

2023-2024 оку жылы.

**«Атырау облысы білім беру басқармасының Жыл сайындық ауданы білім бөлімінің «Жауказын» бөбекшай бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік казыналық кесіпорнының 2023-2024 оку жылында тәрбиелеу - білім беру процесін
ұйымдастыру туралы.**

Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру көзметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытулың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес іске асырылады. (КР БФМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бүйрүғы). Ұйымдастырылған іс-әрекет «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытулың үлгілік оку бағдарламасы» (КР БФМ 2022 жылғы 14 казандығы №422 бүйрүғы) арқылы жузеге асырылады. Үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жакты дамыту мына бағыттар бойынша физикалық дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шыгармашылық дағдыларын зерттеу, іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды кальпастыру арқылы іске асырылады.

Тәрбиелеу – білім беру процесі:

- Перспективалық жоспарға.
- Циклограммада.
- Бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытулың үлгілік оку жоспарына сәйкес КР БФМ 2012 жылғы 20-желтоқсандағы № 557 бүйрүгінде озгертулер енгізуіне байланысты, КР БФМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бүйрүгінде 1, 2, 3 косымшалары ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыруға колданылады. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оку жылының басында жасақтады.
- МАД тобы – 5 жастагы балалар.**

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған оку іс-әрекетінің жалпы көлемі:

№	Білім беру саласы	Шыгармашылық	Музыка	Апталық жүктеме
1	МАД топ балалары үшін (5 жас)			2 сағат
2	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзактығы			25-30 минут

**УОБ және Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023/2024 оқу жылшының қыркүйегіне арналған ҰІӘ перспективалық
жоспары (мектепалды топ)**

Білім беру ұйымы: КМҚК «Жауқазын» бебекожай-бақшасы.

Жоспардың құрылу кезеңі: (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы. 2023-2024 оқу жылы.

Балалардың жасы: 5 жас.

МАД тобы: «Толағай»

№	Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көніл-куйін, динамикалық ерекшеліктерін ажыратады.</p> <p>Ән айту: Бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән дағдыларын қалыптастыруды айтады.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттыгуларды орындауда үйретуде, марш сипатын анық ырғакты жүргүмен.</p> <p>Билеу: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді орындауда үйретуде. Бубен аспабымен таныстыруды.</p>
2	Казан	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айтады.</p> <p>Ән айту: Әннің сөздерін анық айтады, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айтады.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар: Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғакпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Билер: Қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыруды.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенделікке, дербестікке баулу. Домбыра аспабымен таныстыруды. Аспаптың дыбыстталу тембрін ажыратуды.</p>

3	Қараша	<p>Музыка</p> <p>Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту.</p> <p>Билер: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін түсіндіру. Мәтінге сәйкес әуенде жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: Барабан аспабымен таныстыру. Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке және шағын топпен ойнау.</p>
4	Желтоксан	<p>Музыка</p> <p>Музыка тыңдау: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көніл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Ән айтар алдында бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда женіл дауыспен ән айту дағдысын, музыкалық фраза арасында тыныс алууды үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыка сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйретуді жалғастыру.</p> <p>Билер: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. Дауылпаз аспабымен таныстыру.</p>
5	Қантар	<p>Музыка</p> <p>Музыка тыңдау: Балаларды өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музика өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту: Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айтуда жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын женіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуге («серіппе») үйрету.</p> <p>Билер: Қазақ халқының би өнерімен таныстыруды жалғастыру, қазақ халықтық би өнері ежелден қалыптасқанын, ол бай ауызша әдебиеті, әндері, халқымыздың дәстүрлі өмір салты бар елдің мұрасы екенін түсіндіру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенделілікке, дербестікке баулу. Асатаяқ аспабымен таныстыру.</p>

6	Ақпан	<p>Музыка</p> <p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратада білуге үйрету (марш, би, ән); шығарманың жеке фрагменттері бойынша әуендерді тану арқылы музыкалық жадыны жетілдіру (кіріспе, қорытынды, музыкалық фраза).</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Би қимылдарын менгеру: жыбырлаған қадам, ауыспалы қадам, шоқырақтау, әр түрлі бағытта секіру.</p> <p>Билер: Балаларға «Қаражорға» биі туралы түсінік беру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: Дәстүрлі емес материалдан жасалған балалар музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыйызғы, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, дабыл, барабан, маракас, румба) және шу аспаптарында ойнау тәсілдерімен таныстыру. Қобыз аспабымен таныстыру.</p>
7	Наурыз	<p>Музыка</p> <p>Музыка тыңдау: Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үннің тембрлік ерекшеліктерімен, «куй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәuletкерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Ән айту: Әртүрлі сипаттағы әндерді ез бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді менгеру.</p> <p>Билер: Балаларға «Қаражорға» биі туралы түсінік беру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыйызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. Тұяқтас аспабымен таныстыру.</p>
8	Сәуір	<p>Музыка</p> <p>Музыка тыңдау: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындаі білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Ән айту: Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді менгеру.</p> <p>Билер: Балаларға «Қаражорға» биімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: Балалар музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыйызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыруды жалғастыру. Бубен аспабымен таныстыру.</p>

Музыка

Музыка тындау: Лирикалық, бірқалыпты әуендей вальс ыргағымен қабылдай білуге, әннің немесе шығарманың би сипатын сезіне білуге, қарқынның өзгеруін, шығармаларға мінездеме бере білуге үйрету. Қазақтың халық әндері мен би әуендерінің озық ұлгілерін тындауға қызығушылықтарын арттыру.

Ән айту: Түрлі сипаттағы әндерді өз бетінше шығармашылықпен орындауға баулу.

Музыкалық-ырғақты қимылдар: Би қимылдарын: бөлшек адым, ауыспалы қадам, жүйрік, әр түрлі бағытта секіруді менгеру.

Билер: Балаларды «Қаражорға» биімен таныстыруды жалғастыру.

Балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы: Балалар музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, түяқтас, қоңырау, сыбызығы, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда (дәстүрлі емес материалдан) ойнау техникасымен таныстыруды жалғастыру.

Үшбұрыш аспабымен таныстыру.